

**Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті
дамыту бөлімінің
«Ер Төстік» балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**«Балабақшадағы изотерапиялық
жұмыстардың маңыздылығы»
тақырыбындағы қалалық семинар**



**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕНТАУ ҚАЛАЛЫҚ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІ**

**ТАҚЫРЫБЫ:БАЛАБАҚШАДАҒЫ ИЗОТЕРАПИЯЛЫҚ
ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**ӨТКІЗЕТІН: «ЕР ТӨСТІК» БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ
ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГЫ: ОКАШОВА А. А.**

**Кентау қаласы
2022 жыл, ақпан айы**

«ИЗОТЕРАПИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

тақырыбындағы семинар

Өтетін мерзімі: 11.02.2022 ж

Уақыты: сағат 10.00 де

Қатысушылар: балабақшының педагог-психологтары

Өтетін орны: «Ертөстік» балабақшасы

Семинар барысы:

Кіріспе:

«Сәлемдесу» танысу жаттығу

Изотерапия туралы жалпы түсінік беру.

Негізгі бөлім:

Изотерапия техника түрлерімен таныстыру.

Практикалық жұмыстар

Қорытынды: Рефлексия

Кіріспе бөлім

Саламатсыздар ма, семинарға қатысушылар!

«Балабақшадағы изотерапиялық жұмыстың маңыздылығы» тақырыбындағы қалалық тәжірибелік семинарыма қош келдіңіздер!

Осы 2020 жылы «Изотерапияның қазіргі дамыту, психодиагностикалық, психокоррекциялық және психотерапиялық әдістері» тақырыбында оқыту курсының бағдарламасын меңгерген болатынмын. Сондықтан осы алған білімді сіздермен бөлісу мақсатында семинарымның тақырыбын изотерапия тақырыбына арнадым.

Бүгінгі семинардың мақсаты: Жалпы балабақшадағы балалардың және де психологиялық кеңес сұрай келген ата-аналардың, педагогтардың, жалпы ұжымның бойындағы жағымсыз сезімдер мен агрессивтілікті изотерапия арқылы, яғни сурет салу арқылы емдеу немесе сыртқа шығару.

Алдымен өздеріңізбен танысу мақсатында «Таныс болайық» жаттығу орындайық.

Танысу ережесі: Қатысушылар сағат бойымен тұрады. Сағат тілі бойымен әрқайсысы өз есімін атап, есімі жайлы, есіміне сәйкес мінез құлқы жайлы қысқаша айтып өтеді. Әркімнің танысуы бір-біріне ұқсамауы тиіс.

Енді осы семинарды бастамас бұрын балабақша меңгерушісі Нағима Еркінбайқызына алғашқы сөз кезегін берсем деймін.

Енді осы семинарыма ат салысып көмек көрсететін педагогтармен таныстырып өтейін:

- 1) **Қазақ тілі маманы** :Тоғымбетова Балнұр
- 2) **Саз жетекшіміз** :Марайым Ақбота

Семинарымызды әрі қарай жалғастырамыз.

Олай болса экранға назар аударайық. **Видеоролик**

(Балабақша балаларымен бірнеше жүргізілген изотерапиялық жұмыстан көрініс)

КІРІСПЕ БӨЛІМ

ИЗОТЕРАПИЯ-ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

ИЗОТЕРАПИЯ—арт-терапияның негізгі бағыттарының бірі. «Арт-терапия» ұғымын 1938 жылы суретші Адриан Хилл енгізген. Арт-терапия (ағылшын тілінен art therapy-терапия, яғни емдеу, күтім жасау, қамқорлық)- өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі.

Изотерапия бейнелеу өнерімен емдеу.

Ол үлкендер, балалар мінез-құлқын түзету жұмыстарында да тиімді терапия.

Изотерапия – психотүзету практикасында, арнайы психология және арнайы педагогикада кең қолданылады, әсіресе ол әртүрлі проблемалары бар балалармен, сөйлеу бұзылыстары, есту бұзылыстары, ақыл-ойы кем балалармен, аутизммен жұмыс жасауда жағымды нәтижелер береді.

Көптеген жағдайда *сурет салу терапиясы* психотерапиялық қызмет атқарады, балаға өзінің психологиялық проблемаларымен күресуге көмектеседі.

Изо-терапия:

- Өзін – өзі сезінуге;
- Өзін – өзі түсінуге;
- Өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге;
- Шиеленіскен қиын жағдайлардан арылуға көмектеседі.

ИЗОТЕРАПИЯ МАҚСАТТАРЫ

1. Жағымсыз сезімдердің, агрессивтіліктің шығуына мүмкіндік беру. Суреттермен, картиналармен жұмыс жасау - іштегі буды шығарудың, күштену, қысымды бәсеңдетудің қауіпсіз тәсілі.
2. Емдеуді жеңілдету.

3. Диагностикалық қорытынды жасау және интерпретациялау үшін материал алу.
4. Адамның үнемі басып, тыйып тастайтын сезімдерімен, ойларымен жұмыс жасау. Вербалды емес құралдар көп жағдайда күшті сенімдер мен ой-толғаныстарды, әсерлерді анықтауға көмектесетін жалғыз тәсіл.
5. Адам мен психолог арасында қатынастарды түзету. Көркемдік іс-әрекетке бірлесе қатысу – өзара қабылдауға, эмпатияға мүмкіндік жасайды.
6. Ішкі бақылауды дамыту.
7. Сезімдерді, зейінді шоғырландыру.
8. Көркемдік қабілеттерді дамыту, өзіндік бағалауды жоғарылату.

Изотерапия техникалары (слайд) тамашалау

- Грифонаж немесе шимайлау
- Монотипия
- Ниткография
- Граттаж
- Шеңбермен, топпен сурет салу
- Саусақтармен сурет салу
- Алақанмен сурет салу
- Шыныда сурет салу
- Аквасурет салу
- Кляксография
- Түтікшемен кляксография
- Пуантилизм
- Тіс шұқығышпен сурет салу
- Графикалық музыка т.б.

Енді осы техникалардың ішінен уақыттың шектеулігіне байланысты ең негізгі деген бірнешеуіне тоқталып өтейін. Олар:

- 1) ниткография,(жіппен сурет салу),
- 2) «Грифонаж немесе шимайлау» техникасы
- 3) «Пуантилизм» техникасы
- 4) Умажалған сулы қағазда сурет салу

Ниткография («жіп» және « графо» жазамын, яғни «жіппен жазамын» немесе «жіппен сурет саламын») - бұл жіптің көмегімен сурет салу.

Ниткографияның психотерапиялық әсері

- ✓ Шығармашылық қиялды, қолдың ұсақ қимылдарын дамытады
- ✓ Денедегі қысымды түсіріп, тыныштандырады, босаңсытады;
- ✓ Креативті ойлауды дамытады.

Қажетті материалдар:

А-4 форматындағы ақ қағаз,жіп, сапалы, түрлі түсті гуашь.

Жұмыс барысы:

А-4 қағазды тең ортасынан ашық хат тәрізді бүктеп аламыз.

50-60 см жіпті аламыз, жіптің бір жақ ұшын сұқ саусаққа бір орап, ұстап тұрып, суға саламыз. Жіп су болса бояуды жақсы сіңіреді. Суланған жіпті қалаған түстегі бояуға (гуашпен жақсырақ шығады) батырып, бояуды сіңдіреміз. Жіпті бояуға батырғанда жіптің бір ұшын ұстап тұру керек, жіпті түгелдей бояуға батырып жібермейміз, бір жақ ұшы таза болуы тиіс.

Бояу сіңген жіпті парақтың оң жағына қалаған пішінмен қоямыз, парақтың төменгі шетінде жіптің таза ұшын қалдырып, шығарып қоямыз.

Ашық хат тәрізді парақтың ортасында жіп қалады, бір қолмен парақтың үстін басып тұрып, екінші қолмен жіптің қалдырылған таза ұшынан мұқият оң, сол жаққа тартып, суырып аламыз.

Парақ бетінде боялған жіптен ерекше, ғажайып із қалады, ол ізден қиялдап, өрнектер, иректер жалғап картина шығарамыз.

Психотерапиялық әсері:

- ✓ Қысымды түсіреді, босаңсытады;
- ✓ Жасырын шығармашылық қабілетті ашады.

«Грифонаж немесе шимайлау» техникасы

Қажет материалдар: А4 қағазы, жай қарындаш, түрлі түсті қарындаштар (кара түсті маркер)

Жұмыстың барысы:

Денеңізді босаңсытыңыз, бірнеше рет терең тыныс алып, деміңізді жайлап шығарыңыз. Қағазды көлденеңінен қойыңыз. Парақтың кез келген жерінен кара түсті маркермен бірнеше бағытта: көлденең, тік, диагональ сызықтар сызыңыз, сызықтар бір бірімен көлденең қиылыссын. Осылайша суретте сопақ, шеңбер және басқа диаометриялық пішіндер шыға бастайды. Суретті аяқтаған соң, қиялыңызды іске қосып, өз суретіңізді аударып, әр түрлі бағытта мұқият қараңыз.

Сізге әр түрлі фигуралар, бейнелер т.б. көрінеді. Осы көргендеріңізді есіңізде сақтап, оларды қалауыңыз және көңіл күйіңіз бойынша тандаған түстермен бояңыз. Бояу барысында екі ережені есте ұстаңыз: ұяшықтар тобын бір түспен ғана бояуға болмайды және сызықтармен бөлінген ұяшықтар түсі әр түрлі болуы керек. Барлық ұяшықтарды бояп болған соң сіздің қиялыңыз көрген фигуралардың, бейнелердің, заттардың геометриялық пішіндердің т.б. контурын қара немесе түрлі түсті маркермен бөліп көрсетіңіз.

Пуантилизм техникасы

Нүктелермен сурет салу техникасы **пуантилизм** деп аталады.

Психотерапиялық әсері

- ✓ шыдамдылықты, ыждаһаттылықты, ұқыптылықты дамытады;
- ✓ жүйке жүйесін тыныштандырады;
- ✓ көзбен шамалауды, фантазияны, қиялды дамытады.

Қажетті материалдар

А-4 форматындағы ақ қағаз, түрлі-түсті гуашь немесе акварельді бояулар, мақталы таяқшалар. **Немесе:** Ақ қағаз, жай қарындаш, өшіргіш, әртүрлі жуандықтағы капиллярлы қаламдар немесе гель қаламдар, сызғыш.

Умаждалған сулы қағазбен сурет салу

- ✓ жүйке жүйесін тыныштандырады;
- ✓ агрессивті күйді, ашу-ызаны, мазасыздықты, қозғыштықты басады;
- ✓ денедегі қысымды, күштенуді түсіреді;
- ✓ қиялды дамытады.

Қажетті материалдар:

А-4 форматындағы акварельді немесе сызуға арналған ақ қағаз, түрлі-түсті акварельді бояулар, жіңішке қылқалам .

Баланың қол моторикасын бір ғана қарындаштың көмегімен дамыту

Мидың дамуы саусақтың басында екенін білесіз бе? Қарындаштарды неге қырлы етіп шығарады? Дәл осы қырлар саусаққа тиеді, ал саусақтың басындағы нүктелер мимен тығыз байланысты. Балаларға қарындаш тандағанда қыры көптеу қарындаштарды тандаған дұрыс.

Краскамен сурет салу-ойлауды, сөйлеуді, көруді және мидың екі жарты шарлары да қатысады, нейрондық байланыстар белсенді түрде пайда болады, сөйтіп кеңістіктік ақыл ой мен қиялды дамытады. Сурет салу

процесінде нақты нәтиже алады, яғни бала алдына мақсат қояды, сол қойған мақсатына қадам арқылы жетуге үйретеді. Сонымен қатар, сурет салу баланы тыныштыққа үйретеді, әсіресе мынау қырсық, қыңыр болудан сақтайды. Депрессияға, невроз, а бейім балаларға сурет салу өте пайдалы.

Изотерапиялық сабақтардың негізгі принциптері

1. Баланың қалауы- сабақтың негізгі шарты.
2. Баланы мадақтау, алғыс білдіру.
3. Психолог баламен сабақ барысында бала және оның салған суреті жайлы қойылатын сұрақтарға «білмеймін» т.б. тәрізді берілетін жауаптарға өз жауап нұсқаларын ұсынуға дайын болуы тиіс.
4. Сәтті әрі нәтижелі жұмыс жасаудың басты шарты-психологтың өзі ұсынған жұмысқа өзі қатысуы. Психолог балалармен бірге өзінің көңіл күйі (сабақтың басында және соңында) туралы айтады, сурет салады, талқылайды, балаға берілген тапсырмалардың барлығын бірге орындайды. Осындай жағдайда ғана балада психологқа деген сенім орнайды.

Осы изотерапиялық техникалардың төңірегінде жасалған арнайы слайдқа назар аударсақ:

Слайд тамашалау.

Қорытынды бөлім.

Келген қонақтармен өтілген семинар бойынша кері байланыс орнату
Сұрақтар:

- 1) Изотерапия туралы не үйрендіңіздер?
- 2) Осы өтілген изотерапиялық техникаларды балабақшада қолданудың қандай маңызы бар деп ойлайсыз?

Енді, келесі қорытынды сөз Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің психология саласының әдіскері Рыскүл Мейрамханқызына беріледі.

11.02.2022 ж «Ер Төстік» балабақшасында болатын педагог- психологтың қалалық семинарға қатысушылар тізімі

№	Аты- жөні	Жұмыс орны	Лауазымы	Қолы
1	Салимдинова М.К.	„Баламаш“ б/б.	Педагог.-Псих.	Салим
2	Токакова М.Р.	„Алға“ БДБ.	Психолог	М.Токакова
3	Мадиевсаева М.	„Алға-Түбі“	Психолог	Мадиевсаева
4	Курбанова И.	„Молжарын-1“	Психолог	Курбанова
5	Керимбаева Ж.	„Ордаманш-1“	тәрбиеші	Керимбаева
6	Паршакина Г.	„Ордаманш“	воспитатель	Паршакина
7	Сайдуллина Т.А.	„Ордаманш“	воспитатель	Сайдуллина
8	Султанова Т.	„Алға-Түбі“	психолог	Султанова
9	Дарманияева А.	„Алға“	психолог	Дарманияева
10	Мадиевсаева М.К.	„Алға“ БДБ.	психолог	Мадиевсаева
11	Тудыбай М.Б.	„Алға-Түбі“ БДБ	психолог	Тудыбай
12	Спатаева А.	„Звездочка“	психолог	Спатаева
13	Тлеуова Т.	„Звездочка“	психолог	Тлеуова
14	Алматыбаева Р.И.	„Звездочка“	методист	Алматыбаева
15	Гайдарова Т.	„Алға-Түбі“ психолог	пед.-психолог	Гайдарова
16	Кәдібекқызы М.	„Звездочка“ қалалық	пед.-психолог	Кәдібекқызы
17	Зуевская Т.	„Звездочка“ қалалық	психолог	Зуевская
18				
19				
20				
21				